

«Гео-саяхат» әдісі

Мақсаты:

Жаңа тақырыпты карта мен бағыт арқылы таныстыру, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту.

Ережесі:

1. Мұғалім тақырыпқа сай маршрут картасын белгілейді (мысалы, “Қазақстанның табиғи зоналары”).
2. Әр аялдамада қысқаша мәлімет пен сұрақ беріледі.
3. Оқушылар аялдамадан аялдамаға жылжып, мәлімет алып, сұрақтарға жауап береді.
4. Соңында өз маршрут картасын толтырып, «сапар есебін» ұсынады.

Тиімділігі:

- Сабақ қызықты саяхат түрінде өтеді;
- Карта, бағыт және кеңістіктік ойлау дағдыларын дамытады;
- Оқушылардың белсенділігі мен ынтасын арттырады.

